

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Салық заңдарын бұзушылықтарға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 наурыздағы N 339 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 14 желтоқсанда Бішкек қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Салық заңдарын бұзушылықтарға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы салық
заңдарын бұзушылықтарға қарсы күрес саласындағы
ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы
Келісім***

**(2001 жылғы 27 наурызда күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2002 ж., N 1, 11-құжат; 2004 ж., N 6, 30-құжат)*

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Ү к і м е т і ,

өз мемлекеттерінің ұлттық заңдары мен халықаралық міндеттемелерін басшылыққа а л а о т ы р ы п ,

салық заңдарын бұзушылықтардың алдын алуға, ашуға және оның жолын кесуге, өз мемлекеттерінің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты міндеттерді тиімді шешуге өзара мүдделілікке сүйене отырып,

мына төмендегілер жөнінде келісті:

1 - б а п

Келісімнің тақырыбы

1. Осы Келісімнің тақырыбы салық заңдарын бұзушылықтарға қарсы күресті жүргізуді ұйымдастыру мақсатындағы Тараптардың құзыретті органдарының ынтымақтастығы болып табылады.

2. Осы Келісім Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы мүшелері болып табылатын халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

2 - б а п

Терминдер

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мына терминдер:

а) "құзыретті орган" :

- Қазақстан Тарабы үшін - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитетін;

- Қырғыз Тарабы үшін - Қырғыз Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Мемлекеттік салық инспекциясының Салық полициясы басқармасын білдіреді.

Құзыретті органдардың ресми атауы өзгерген жағдайда, Тараптар бұл туралы бір-бірін дереу хабардар етеді.

б) "салық заңдарын бұзушылық" - оларға қарсы күрес Тараптардың құзыретті органдарына жүктелген салық заңдары саласындағы құқық бұзушылықтарды білдіреді.

3 - б а п

Ынтымақтастықтың нысандары

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде ынтымақтастықтың мынадай нысандарын:

- заңды және жеке тұлғалардың салық заңдарын бұзушылықтар туралы ақпарат алмасуды ;

- салық заңдарын бұзушылықтың алдын алуға, ашуға және жолын кесуге бағытталған іс-шараларды өткізу мәселелері бойынша өзара іс-қимылды;

- заңды және жеке тұлғалардың салық салуға байланысты құжаттарының тиісті түрде куәландырылған көшірмелерін ұсынуды;

- ұлттық салық жүйесі туралы, салық заңдарының өзгерістері мен толықтырулары туралы ақпарат, сондай-ақ салық заңдарын бұзушылыққа қарсы күресті ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар алмасуды;

- салық заңдарын бұзушылыққа қарсы күресте қолданылатын ақпараттық жүйелерді құруды және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде тәжірибе алмасуды;

- жұмыс топтарын құруды қоса алғанда, ынтымақтастық процесінде туындайтын мәселелер жөнінде қызметті үйлестіруді жүзеге асыруды, өкілдер алмасуды және кадрлар оқытуды ;

- салық заңдарын бұзушылыққа қарсы күрес проблемалары жөнінде ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізуді пайдаланады.

Осы Келісімнің орындалуына байланысты мәселелер бойынша Тараптардың құзыретті органдары бір-бірімен тікелей байланыс жасайды.

4 - б а п

Салық заңдарын бұзушылықтар туралы ақпарат алмасу

1. Салық заңдарын бұзушылықтар туралы ақпарат алмасу мынадай мәселелер:

- салық заңдарын бұзушылар қолданған тәсілдерді көрсете отырып, заңды және жеке тұлғалардың салық төлеуден табыстарын жасыруы;

- заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік және коммерциялық банктерде

есеп-шот ашуы, сондай-ақ, егер оларда салық салудан жасырған сомалар бар деп есептейтін негіз бар болса, осы есепшоттар бойынша жүзеге асырылған қаражат а й н а л ы м ы ;

- салық салу базасының және салық заңдарын бұзған заңды және жеке тұлғалардан алынған соманың мөлшерін анықтау сондай-ақ салық заңдарын бұзушылықтың алдын алуға, ашуға және жолын кесуге байланысты өзге де мәселелер бойынша жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген ақпарат бір Тараптың құзыретті органына екінші Тараптың құзыретті органының сұрау салуы негізінде ақпарат ұсыну сұрау салынған Тараптың ұлттық заңы мен мемлекеттік мүддесіне қайшы келмейтін ж а ғ д а й д а б е р і л е д і .

Егер Тараптардың бірінің құзыретті органы қолда бар ақпарат басқа Тараптың құзыретті органы үшін қажетті деп санаса, ол бұл ақпаратты жеке бастамасы бойынша беру мүмкін.

5 - б а п

Шаралар өткізу

Салық заңдарын бұзушылықтың алдын алу, ашу және жолын кесу жөніндегі іс-шаралар өткізу кезінде мұндай заңды бұзушылықтар жасаған немесе олардың жасалғанына күдікті адамдарға қатысты Тараптардың құзыретті органдарының өзара іс-әрекеті бірлескен жоспарлауды, осы шаралардың барысы мен өткізу нәтижелері туралы ақпарат алмасуды қамтиды.

6 - б а п

Құжаттардың көшірмелерін ұсыну

Тараптардың құзыретті органдары бір-біріне сұрау салу арқылы заңды және жеке тұлғалардың салық салуға қатысты құжаттарының көшірмелерін (шоттар, фактуралар, жөнелтпе құжаттар, шарттар, келісім-шарттар, сертификаттар, анықтамалар және басқалар), сондай-ақ салық заңдарын бұзушылыққа қатысы бар мәселелер бойынша қ ұ ж а т т а р д ы ұ с ы н а д ы .

Құжаттардың көшірмесі сұрау салынған Тараптың уәкілетті адамының қолымен және мөрімен куәландырылады.

7 - б а п

Құқықтық сипаттағы материалдармен алмасу

Тараптардың құзыретті органдары ұлттық салық жүйелері, қылмыстық тергеу жүргізудің құқықтық негіздері және салық заңдары саласында әкімшілік тәртіп бұзушылық жөніндегі істер бойынша өндіріс туралы ақпараттар алмасуды жүзеге асырады, жаңа нормативтік құқықтық актілер қабылданғаннан немесе қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілгеннен кейін бір айдан кешіктірмей салық заңдарындағы өзгерістер туралы бір-бірін хабардар етеді.

8 - б а п

Ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастық

Тараптардың құзыретті органдары салық заңдарын бұзушылыққа қарсы күресті ұйымдастыру кезінде ақпараттық жүйелерді құру және оның жұмыс істеуі мәселелері бойынша тәжірибелік, әдістемелік және ғылыми материалдармен алмасуды жүзеге асырады.

9 - б а п

Кадрларды даярлауда тәжірибе алмасу және көмек көрсету

Тараптардың құзыретті органдары өздерінің оқу орындарының базаларында кадрларды оқыту мен қайта даярлауда салық заңдарын бұзушылыққа қарсы күрестің көкейкесті мәселелер бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер, ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізуде ынтымақтасады, сондай-ақ сарапшылармен алмасады.

Осы баптың шеңберінде ынтымақтастықты іске асырудың нақты нысандары, атап айтқанда, оны қаржыландыру Тараптардың құзыретті органдары арасында жасалған келісімдерге сәйкес анықталады.

10 - б а п

Сұрау салудың нысаны мен мазмұны

1. Ақпарат алуға деген сұрау салу жазбаша нысанда немесе мәтін берудің техникалық құралдарын пайдалану арқылы берілуі тиіс.

Кейінге қалдыруды көтермейтін жағдайларда телефон байланысы арқылы берілген ауызша сұрау салу қабылдануы мүмкін, алайда ол тез арада жазбаша түрде расталуы тиіс.

Мәтінді берудің техникалық құралдарын пайдаланған кезде, сондай-ақ алынған сұрау салудың түпнұсқалылығына немесе мазмұнына қатысты күмән туындаған жағдайда сұрау салынған құзыретті орган оның жазбаша нысандағы куәландырылуын сұрай алады.

2. Ақпарат алуға сұрау салу:

- сұрау салушы құзыретті органның атауынан;
 - сұрау салынған құзыретті органның атауынан;
 - сұрау салудың қысқаша мазмұны және оның негіздемесінен;
- оның орындалуы үшін қажетті басқа да мәліметтерден тұрады.

Қылмыстық істер бойынша ақпарат алуға сұрау салудың, бұған қоса:

- нақтылы жағдайлардың қысқаша сипаттамасы;
- сұрау салынған Тарап мемлекетінің заңдарына сәйкес қылмыстың саралануы;
- келтірілген зиянның көлемі көрсетіледі.

11 - б а п

Сұрау салудың орындалуы

1. Сұрау салу орындалуға кідіріссіз қабылданады. Сұрау салынған құзыретті орган, егер бұл сұрау салуды орындау үшін қажет болса, нақтылау тәртібінде қосымша ақпарат сұрай алады.

2. Сұрау салуды орындау мүмкін болмаған жағдайда сұрау салынған құзыретті орган бұл туралы тез арада сұрау салушы құзыретті органды хабардар етеді.

Егер бұл мемлекеттің егемендігіне немесе қауіпсіздігіне зиян келтіретін болса, не оның заңдарына қайшы келсе, сұрау салынған құзыретті орган сұрау салуды орындаудан бас тартуға құқылы.

Сұрау салушы құзыретті орган сұрау салуды орындаудан бас тартқан себебі туралы хабардар етіледі.

3. Сұрау салу сұрау салынған Тараптың ұлттық заңдарына сай жүзеге асырылады.

1 2 - б а п

Сұрау салуды орындау кезіндегі өзара іс-қимыл

Сұрау салынған құзыретті орган сұрау салушы құзыретті органның уәкілетті өкілдеріне, егер бұл өзінің мемлекеттік заңдарына қайшы келмесе, өз мемлекетінің аумағында сұрау салудың орындалуына қатысуға рұқсат ете алады.

1 3 - б а п

Тілдер

Ақпаратты алуға сұрау салу және оған жауап куәландырылған орыс тіліндегі аудармасы қоса беріле отырып, қазақ және қырғыз тілінде жасалады.

1 4 - б а п

Ақпараттарды пайдалану

Тараптардың құзыретті органдары салық заңдарын бұзушылықтың алдын алуға, ашуға және жолын кесуге байланысты мәселелер бойынша ақпараттардың құпиялылығына кепілдік береді.

Осы Келісімнің шеңберінде алынған ақпарат осы ақпаратты берген құзыретті органның жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа беріле алмайды.

1 5 - б а п

Шығыстар

Тараптардың құзыретті органдары өз мемлекеттерінің аумағында осы Келісімнің орындалуына байланысты шығыстарды көтереді. Қосымша шығыстарды талап ететін сұрау салу алынған жағдайда оларды қаржыландыру туралы мәселені өзара уағдаластық бойынша Тараптардың құзыретті органдары қарастырады.

Кезектен тыс кездесу өткізген жағдайда оның бастамашысы болған құзыретті орган барлық шығыстарды көтереді.

1 6 - б а п

Келісімді іске асыру бойынша одан арғы шаралар

Тараптардың құзыретті органдарының өкілдері қажет болған жағдайда осы Келісімнің орындалуына байланысты мәселелер бойынша консультациялар өткізеді.

1 7 - б а п

Даулар мен келіспеушіліктер

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге байланысты туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер мен консультациялар арқылы шешілетін болады.

1 8 - б а п

Өзгерістер мен толықтыруларды енгізу

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

1 9 - б а п

Келісімнің күшіне енуі және қолданыста болуын тоқтатуы

Осы Келісім оның толық күшіне енуі үшін қажетті тиісті мемлекетшілік рәсімдердің орындалғандығын растайтын соңғы хабарлама түскен күннен бастап күшіне енеді және осы Келісімнің қолданыста болуын тоқтатуға ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар бойынша Тараптардың бірі алған күннен бастап алты ай өткенге дейін қолданыста болады.

Бішкек қаласында 2000 жылғы 14 желтоқсанда әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Қырғыз Республикасының

Үкіметі үшін